«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
50 жыл тұрақты даму жолында
50 лет АО «Мангистаумунайгаз». Постоянство в развитии.
«Mangistaumunaigas» JSC 50 years anniversary. Sustainable development.

Мұнайлы өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті

№07 (59), шілде-тамыз, 2014 жыл

# КОМПАНИЯ КЕЛЕШЕГІ – БІЛІКТІ ДЕ БІЛІМДІ МАМАН ҚОЛЫНДА

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұйымдастырған жастар Конференциясының тақырыбы осылай аталды. Оған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Иманбаев Бақыт Алтайұлы мен бас директордың әкімшілік және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Төлеғожаев Жетібай Қуанайұлы, департамент басшылары және жас мамандар қатысты.**

Жұмысшы мамандардың беделін арттыру және мемлекеттік жастар саясатын тиімді іске асыру бағытындағы міндеттерге сәйкес «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жастармен біршама жұмыстарды қолға алған. Жалпы аталмыш компанияда 6 000-нан астам адам жұмыс жасайды. Оның мыңнан астамы 18-30 жас аралығындағы жастарды қамтып отыр. Олар қоғамдық, мәдени-көпшілік, спорттық және өндірістік шараларға белсене атсалысып жүрген жас буын.

Жас мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында компания жастарды түрлі бағыттағы семинарлар мен форумдарға қатыстырып, тәжірибе алмасуына жағдай жасап отыр. Сонымен қатар аймақтағы жоғары оқу орындарын бітіріп келген жастарды жұмыспен қамтып, жыл сайын мектепті үздік тәмамдаған түлектер «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның шәкіртақылық бағдарламасы бойынша Қытай Мұнай Университетіне жолдама алуда. Мұның барлығы жастардың болашағы үшін жасалып жатқан игі шаралар», - деді жиында сөз алған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары Бақыт Иманбаев.

Жалпы жастар саясаты аймақта кең көлемде қолдау тапқан. Облыс басшысы А. Айдарбаевтың төрағалығымен жастар ісі жөніндегі кеңес жұмыс жасаса, облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы да біршама жұмыстарға ұйытқы болып отыр. Сонымен қатар аудандарда жастар орталықтары бой көтеріп, оқу орындарында комитеттер құрылып, 20-дан астам жастар ұйымдары белсенді жұмыс жасап келеді. Ал, бұл жолы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жастар саясатын дамыту және жастар ісімен кең көлемде шұғылдану, корпоративтік рухты көтеру, жастарға қолдау көрсету мақсатында конференция өткізіп, жас мамандар кеңесін құруды қолға алды.

«Мұндай бастамаға таң қалып, күмәндanудың қажеті жоқ деп есептеймін. Өйткені көршілес отырған «Өзенмұнайгаз», «Қаражанбасмұнай» АҚ-ы бұл жобаны сәтті бастап, табысты жалғастыруда. Біз жас мамандар кеңесін сәтімен іске асырсақ, компания келешегіне жаны ашитын жастардың шоғырын қалыптастырған болар едік. Өндірістік-қоғамдық, мәдени-спорттық, тарихи-танымдық жұмыстармен айналыссақ, осы жолда жүріп, піссек «Маңғыстаумұнайгаздың» жарқын болашағын әлі де биіктен көрсетеміз деп сенемін. Біздің қолға алған істеріміз бен алға қойған жоспарларымыз өте көп. Біз барлық күш-жігерімізді, білім-тәжірибемізді қасиетті Отанымыз - Қазақстанның дамуына арнағымыз келеді. Сондықтан да бізге үлкен мүмкіндік беріп, үнемі қолдап-қуаттап отырған компания жетекшілеріне ризашылығымды білдіремін», - деп басқосуда «Жетібаймұнайгаз» ӨБ жас геологы Бауыржан Ходжаев өз ойын айтты.

Сондай-ақ, конференцияға қатысқан «Өзенмұнайгаз» АҚ жұртшылықпен байланыс департаменті директорының орынбасары Мұхаметберді Сүйітов «Мақсаты биік жастар - ел ертеңі, жас мамандар - компания келешегі» және «Қаражанбасмұнай» АҚ жанындағы жас мамандар кеңесінің төрағасы Марат Ақжанов «Жас маманын қолдаған компанияның жетер жетістігі мол» тақырыбында баяндамалар жасап, пікірлерін ортаға салды. Аға буыннан сөз алған басқарма кеңесшісі Сақып Керелбаев жас мамандар үшін құрылған бастаманың ғұмырлы болуына ниеттестігін білдіріп, жастарға ақ батасын берді.

*(Жалғасы 2 бетте)*



# КОМПАНИЯ КЕЛЕШЕГІ – БІЛІКТІ ДЕ БІЛІМДІ МАМАН ҚОЛЫНДА

*(Соңы. Басы 1 бетте)*



Жиын соңында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жанынан жас мамандар Кеңесі құрылып, құрамы бекітілді. Төраға болып Бауыржан Ходжаев сайланса, төрағаның орынбасары болып Бекеш Қыдыров және хатшысы болып Гүлшат Шойтасова тағайындалды. Сондай-ақ, өндірістік басқармалардан да жас мамандар кеңесінің құрамы бекітілді. «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ-нан төраға болып Әсет Кенжеш, орынбасары Шыңғыс Әбдіров, хатшысы Батырбек Көшбаев, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-нан төраға Нұрсерік Нәренбаев, орынбасары Асқар Сабыров, хатшысы Құралбек Ізбасаров бір ауыздан сайланды. Мұнан кейін жастар кеңесінің міндеттері мен атқаратын қызметі және құқығы талқыланды. Жастар қабылдаған қаулыда компанияның бизнес-бағытының қажеттілігіне сәйкес жас қызмет-керлерді дайындауға, бейімдеуге және кәсіби өсуіне қол жеткізуге ықпал ету, оларды мақсатты оқытуға, біліктілігін арттыруға және компанияның өркендеуіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін ғылыми-техникалық, ақпараттық-талдау істері мен консуль-тациялық рухты, іскерлік белсенділікті жүзеге асыруға, жас қызметкерлердің шығармашылық тұрғыдан дамуына көмектесу, жастар кеңесінің алдына қойған міндеттері мен мақсаттарына қол жеткізу үшін компания басшылығы мен жас қызметкерлердің өзара үйлесімді жұмыс жасауын қамтамасыз етуге үлес қосу көзделген.

Қоғам өзгеруімен бірге адам көзқарасы өзгереді, талап-тілегі күшейеді, белсенділік, білім мен біліктілік, саяси сана жаңа арнаға көтеріледі. Сондықтан да қоғам дамуы процесіне мемлекетімізді қалыптастыратын жас буынның білімділігі мен белсенділігі аса қажет. Себебі - Қазақ мемлекеті жастарға мейлініше қолдау көрсетіп, жағдай жасап, ұлттық рухты ұлықтай отырып алға басса ғана тәуелсіздігіміздің тұғыры нықталып, егемендігіміздің еңсесі биіктей беретіні сөзсіз. Осы мақсатта жұмысын бастаған Жастар Кеңесіне жүктелер міндет пен артылар сенім мол.



Конференция өткен соң алдағы мақсат-міндеттерін талқылау үшін әр апта басқосып тұруды жөн көрген жастар жақында имандылықтың, адалдықтың, тазалықтың нәрін таратушы Маңғыстаудағы киелі мекендердің бірі – Қараман-атаға барып зиярат етіп қайтты. Басшылықтың қолдауымен жолға шыққан жастар Ата әруағына құран бағыштап, бір мал садақаларын берді. Сонымен қатар шырақшының нұсқауымен жөндеуді қажет ететін жерлерге жігіттер жұмылдырылса қыздар жағы қонақ үйінің ішін реттестіруге көмектескен. Сапар барысында қасиетті жерге тәу етушілерге шырақшы Қараман ата туралы айтып, дұға бағыштаған. Бұл сапардан жастардың алған әсері мол болды.



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің қолдауымен ұйымдастырылған 2014 жылдың 30 маусымы күні басталған «РАЦИОНАЛИЗАТОР.KZ Республикалық рационализаторлық ұсыныстардың байқауына қатысуға шақырады.

Байқау рационализаторларды табуға, перспективалы, пәрменді жаңалықтарды ашуға, Қазақстанның алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының рационализаторлық ұсыныстарын ынталандыруға және қолдауға, сондай-ақ елдің экономикасы үшін рационализаторлық қозғалыстың маңыздылығын насихаттауға бағытталған.

«РАЦИОНАЛИЗАТОР.KZ» байқауы екі аталымнан тұрады: **«Жылдың үздік рационализаторлық ұсынысы», «Кәсіпорында рационализаторлықты қолдаудың үздік жүйесі».**

**«Жылдың үздік рационализаторлық ұсынысы» аталымы** бойынша жеңімпаздар 1 орын үшін 2,5 млн. теңге, 2 орын иегері – 1,5 млн. теңге және 3 орын – 1 млн. теңге алады.

Екінші аталымда жеңімпаз «Кәсіпорында рационализаторлықты қолдаудың үздік жүйесі» дипломымен марапатталатын болады.

Сонымен бірге, жобаны көпшілікке кеңінен түсіндіру және тарату үшін, үздік командалар мен рационализаторлар республикалық телеканалдардың біреуінің эфирінде көрсетілетін жобаның теледидарлық нұсқасына қатысатын болады.

Жалпы, байқауға Қазақстан кәсіпорындарында енгізілген рационалдық ұсыныстарды жасаушы болып табылатын физикалық тұлғалар, сонымен бірге рационализаторлықты қолдау жүйесіндегі заңды тұлғалар да қатыса алады. **Байқауға қатысуға өтінімдер ағымдағы жылдың 31 тамызына дейін rac.kz@mail.ru электрондық адресі бойынша қабылданады, ережелермен де таныса аласыздар.**

Былтырғы жылы 1 орынды және 2,5 млн. теңгені «Казфосфат» ЖШС иеленді, қызметкерлер бірлесе отырып «сары фосфорды көміртегісі бар қоспалардан тазарту тәсілін» ойлап тапты. Бұл жоба аталған өндіріске енгізіліп бүгінде өз жемісін беруде.

«Кәсіпорында рационализаторлықты қолдаудың үздік жүйесі» аталымында 2013 жылдың жеңімпазы болып «ҚазМұнайГаз – өңдеу және өткізу» АҚ ұлттық компаниясының еншілес кәсіпорны «Павлодар Мұнайхимиялық Заводы» ЖШС озып шықты.

Жоғарыда айтылғандар негізінде, барлық ынталы жаңашылдарды және командаларды байқауға белсенді қатысуға шақырамыз.

## ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

АО «Национальное агентство по технологическому развитию» при поддержке Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан приглашает принять участие в Республиканском конкурсе рационализаторских предложений «РАЦИОНАЛИЗАТОР.KZ - 2014», который стартовал 30 июня 2014 года.

Конкурс направлен на выявление рационализаторов, перспективных, прорывных изобретений, стимулирование и поддержку рационализаторских решений передовых промышленных предприятий Казахстана, а также пропаганду значимости рационализаторского движения для экономики страны.

«РАЦИОНАЛИЗАТОР.KZ» включает в себя две номинации: **«Лучшее рационализаторское решение года», «Лучшая система поддержки рационализаторства на предприятии».**

Победитель в номинации «**Лучшее рационализаторское решение года»** за 1 место получает 2,5 млн. тенге, обладатель 2-го места – 1,5 млн. тенге и 3-го места – 1 млн. тенге.

Во второй номинации победитель будет награжден дипломом «Лучшая система поддержки рационализаторства на предприятии».

Кроме того, для широкого освещения и популяризации проекта, лучшие команды и рационализаторы станут участниками телевизионной версии проекта, которая будет продемонстрирована в эфире одного из республиканских телеканалов .

В целом, в конкурсе могут принимать участие физические лица, являющиеся разработчиками рационализаторских предложений, внедренных на предприятиях Казахстана, а также юридические лица с функционирующей системой поддержки рационализаторства. **Заявки на участие в конкурсе принимаются до 31 августа текущего года по адресу rac.kz@mail.ru, с правилами можно также ознакомиться**

В прошлом году обладателями 1 места и суммы в 2,5 млн. тенге стали сотрудники ТОО «Казфосфат», которые совместными усилиями разработали «способ очистки желтого фосфора от углеродосодержащих примесей». Данный проект уже успешно применяется в производстве данного предприятия.

Победителем в номинации «Лучшая система поддержки рационализаторства на предприятии» в 2013 году стало ТОО «Павлодарский Нефтехимический Завод», дочерняя организация АО «КазМунайГаз – переработка и маркетинг».

На оновании вышеизложенного, приглашаем к активному участию всех заинтересованных новаторов и команд.

# ҚАЛАМҚАС КЕНОРНЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ДҮБІРІ

**«Мангышлакнефтегазразведка» тресінің барлаушылары Қазақстандағы ірі мұнай-газ кенорнының бірі болып табылатын Қаламқастан алғашқы мұнай бұрқағын 1976 жылдың 26 шілдесі күні № 3-ші ұңғыдан алды. Сөйтіп, жаңадан Маңғыстау облысы құрылғаннан кейін көп ұзатпай-ақ барлаушылар түбек халқын қуанышқа кенелткен-ді. Жаңа кенорындары ашылғасын-ақ мемлекетіміз Бозашы аймағын, әсіресе Қаламқас кенорнын жедел игеріп, пайдалануға беруге, сол арқылы еліміздің, облыстың мұнай-газ кешенінің әлеуетін анағұрлым арттыра түсуге баса назар аударды.**

**1979 жылдың наурыз айында "Комсомолскнефть" мұнай-газ өндіру басқармасы құрылды. Оның құрамына Қаламқас кенорнымен бірге Қаражанбас кенорны да қараған болатын.**


Қыздыру пешін тексеру

## №4 МҰНАЙ ӨНДІРУ КӘСІПШІЛІГІНДЕ

...Қаламқас кенорнының №4 мұнай өндіру кәсіпшілігіне келгенде бізді кәсіпшілік бастығының орынбасары Жандос Хамиев қарсы алды. Ол бірден әңгімеге көшіп: - Кәсіпшілік бастығы Мәди Кентановтың демалыста екенін, кәсіпшілікте барлығы 140 адам 10 күндікпен екі ауысымда еңбек ететінін, 17 топтық қондырғы, 3 өлшеу қондырғысы жұмыс істейтінін, кәсіпшіліктің ұңғыларына №№8,10,14 үш жерасты жөндеу бригадасы жөндеу жұмыстарын жүргізетінін, бұрандалы сорап-90, УЭЦН – 4, ШГН- 378, 1 фонтанды ұңғы өнім өндіретінін айтып берді.

Ал технолог Мақсот Серікбаев бізге былай деді: - 1979 жылдан бастап қондырылған 17 топтық қондырғылардың технологиялық жүйелері соңғы бес жылда түгел жаңартылды. Енді бұрынғыдай құбырлар жиі жарылып, мұнай далаға ағып, жерді бүлдірмейді, яғни, экологиялық жағынан таза. Барлығы 483 ұңғының 286-сы шыны пластикалық түрбаға ауыстырылған, биыл 4 километр құбырды шыны пластикалық түрбаға ауыстыру жоспарланып отыр. Бұрын 35 атмосфералық 480 ұңғының 120-сы енді 115 атмосфераға шыдас беретін АУШГН-ге ауыстырылды. Көлденең ұңғымаларды бұрғылау әдісі жүзеге асырылуда, өткен жылы осы әдіспен 3 ұңғы қазылды, яғни, бұрғылау тұрған бұрынғы ұңғы атымен жанамалап қазылады. Топтық қондырғылардағы 8 операторлар үйі жаңа талапқа сай жаңартылды.


Шебер О.Сүйірбаев, операторлар Қ.Апақаев, М.Жұбанов, технолог М.Серікбаев №34 тораптық қондырғыда

Кәспшілікте операторлар Апақаев Қобыландының, Сүйеуов Амантайдың, Оразғалиев Мараттың, Сағындықов Қалдыбайдың, Әнесов Мараттың, Мұратов Зухрайдың, Тасмұратова Ақшатайдың, Кубраков Олегтің, геологтер Атаниязова Сәнзиянің, Әмірхан Төребектің, слесарьлар Кенгенов Молдабектің, Ерғожин Аманбайдың, Әжімұқан Дайырдың, темір пісірушілер Сатқынов Бауыржанның, Бердәулетов Базарбайдың, бастықтың орынбасарлары Сәубетов Әнуарбектің, Қуандықов Асқардың, т.б. есімдері құрметпен аталады екен.

Қобыланды Апақаевпен әңгімелесудің сәті түскен еді. «Маңғыстаумұнайгаздың» 50 жылдық мерекесінде мерекелік төс белгімен марапатталыпты. Қаламқасқа 1983 жылы экспедициядан оператор болып ауысқан екен, содан бері осында. «Ол кезде Қаламқаста мұнай өндіретін екі цех болатын, қазір төрт цех бар. Ол цехтағы менің бастығым Жалғас Иманбаев болды, кейін Қосай Жұбаниязов, Амангелді Меңдіғазиев, Тимур Бимағанбетов, Бақыт Иманбаев, т.б. болды» - дейді Қ.Апақаев ол күндерді еске алып.

Біз №4 мұнай өндіру кәсіпшілігінің №34 топтық қондырғысына келгенімізде, мұнда №1 бригада шебері Ораз Сүйірбаев пен төртінші дәрежелі оператор Мұратбек Жұбанов жұмыс үстінде екен. Топтық қондырғыда 898 текше метр сұйықтық өткізетін 22 ұңғы бар екен. Бұл жерде газ айырылып, бір бөлігін өздерінің ішкі қажетіне пайдалануға алып қалады екен де, негізінен газ цехына жөнелтіледі екен. Ораздың мұнда ауысқанына екі жыл болған, оған дейін АСАҚ-та ауысым инженері болған. Ораз да, Мұратбек те Ақтау қаласындағы Ш.Есенов атындағы университеттің 2005 жылғы түлектері екен. Ораз университет бітірген соң, Теңіз кенорнындағы «ТШО»-ға жұмысқа орналасып, кейін Қаламқасқа келіп, Технологиялық қондырғылар слесары болып орналасқан. Сосын АСАҚ-та оператор, ауысым инженері бола жүріп, мұнай өндіру кәсіпшілігіне шебер болып ауысқан. Оның қарамағында әрқайсысында 2 оператор жұмыс жасайтын 6 топтық қондырғы бар. Сонда ол 12 оператор, 5 слесарь,1 дәнекерлеушіге басшылық жасайды, олар сонымен қатар 3 сорап, 2 пештің тұрақты жұмыс жасауын қамтамасыз етеді.

Ал Мұратбек университетті бітірген соң осында бірден үшінші дәрежелі оператор болып орналасқан. 2011 жылы Маңғыстау мұнайының 50 жылдығына арналған мұнай өндіру операторларының конкурсында бірінші орын алып, жеңімпаз атанады да, төртінші дәрежелі операторлыққа көтеріледі. Топтық қондырғыда әлде бір себептермен шебер болмай қалған жағдайда, шебердің міндетін атқара береді.

***Қаламқас кенорнының алғашқы өндірістік мұнайының алынған күні – 1979 жылдың 23 тамызы күнгі 18 сағат 47 минут.***

* * *

***1980 жылғы 2 қараша күнгі 12[00] сағат. Қаламқас кенорнынан 1000000 тонна "қара алтыны" өндірілді.***

* * *

***2005 жылдың 6 маусымында қаламқастықтар 100 миллионыншы тонна "қара алтынын" өндіріп мерейлерін үстем етті.***

* * *

***Қаламқас кенорнында бір мезгілде үш мыңдай адам еңбек етеді.***

* * *

***Қаламқас - "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ мұнайының 73 пайызын береді.***

## №1 МҰНАЙ ӨНДІРУ КӘСІПШІЛІГІНДЕ

Кәсіпшілік бастығы Тимур Бақтыбайұлы Таужаннемересі кәсіпшілікті 2010 жылдан бері басқарады екен. Оған дейін бастықтың орынбасары болған. Яғни, бұрынғы кәсіпшілік бастығы Нұрпейіс Мизамбайұлы Сәрсенбай «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасына бастық болып тағайындалады да, оның орнын Ш.Есенов атындағы Ақтау университетінің түлегі Тимур Бақтыбайұлы басады.

Кәсіпшілік өткен жылы 1.128.838 тонна «қара алтын» өндірді. Тәулігіне жер астынан 28068 текше метр сұйықтық тартады. 504 ұңғының 487-сі мұнай өндіреді. Сол 487 ұңғының 2-еуі фонтан, 401ұңғы тербелмелі әдіспен, 68 ұңғы бұрандалы сорап әдісімен, 16-сы ортадан тепкіш сораппен жұмыс жасайды екен. 2013 жылы кәсіпшілікте жаңадан 11ұңғы қазылса, оның 2-еуі көлденең бұрғылау әдісімен қазылған. Осы жаңа бұрғылаудан қосымша 14843,8 тонна мұнай өндірілсе, оның 5175,4 тоннасы көлденең бұрғылаудың үлесіне тиеді. Өткен жылы 30 ұңғыға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Кәсіпшілікте бастықтың орынбасарлары Әлібек Байназаров, Болат Махамбетов, Жәнібек Мұханов, аға механик Асқар Махутов жетекшілік ететін 140 адам екі вахтамен жұмыс жасайды. Біз аға механик Асқардан жұмыс процесін сұрағанымызда былай деді:


Технолог геолог Қ.Смайлов, оператор А.Шадиярова, геолог Е.Есбергенов, аға механик А.Махутов

- Өзен мұнай техникумын бітірген соң «Өзенмұнайгаз» да ұңғыларды күрделі жөндеу бригадасында екі жыл жөндеуші болып жасағаннан кейін, осы Қаламқасқа ауыстым. 2009-10 жылдары ПРЦО-да экология бөлімінде шебер болдым да, 2010 жылдың тамызында осы №1мұнай өндіру цехына аға механик болып ауыстым. Аға механиктің міндетіне мұнай қондырғыларын жөндеумен, ППР жасаумен, жөндеуге тұрған ұңғыларға сорап, станок-качалка, сосудтар (қысыммен жұмыс жасайтын ыдыстар) ауыстырумен, спутниктерді жаңалаумен, т.б. айналысу жатады. Біздерге Алматы машинажасау зауытында жасалған качалкалар келеді. Демек қазақстандық өнімді пайдаланамыз.



оператор Е.Нұрлыбаев

Біз №56 топтық қондырғының басынан операторлар Ерғали Нұрлыбаев пен Нұрлан Балғанаевты кездестірдік. Бұлар қондырғыдағы 24 ұңғының кідіріссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Топтық қондырғыда 3 сорап, 2 қазан, 2 пеш, 2 спутник бар. Бесінші дәрежелі мұнай өндіру операторы Ерғали Форт-Шевченко қаласында туған. Сегізінші класты бітірген соң Ақтау қаласындағы №1техникалық училищеге түседі. Училищені бітірген соң жолдамамен келіп, осы цехта 1992 жылдан еңбек етіп келеді. Жұмыстан қол үзбей жүріп, 2004 жылы Ш.Есенов атындағы Ақтау университетін «мұнайгаз кенорындарын жарақтандыру» мамандығы бойынша бітіріп алады. 2011 жылы «Маңғыстаумұнайгаздың» 50 жылдығына арналған мұнайгаз өндіру операторларының конкурсында бірінші орын иеленеді. Отбасылы, зайыбы Қантөре Ақмолдина Абыл атындағы өнер мектебі бастығының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, Ернат, Айдын атты екі бүлдіршіні мектеп оқушылары.

## АЛДЫН АЛА СУ АЙДАУ ҚОНДЫРҒЫСЫНДА

"Қаламқасмұнайгаз" өндірістік басқармасындағы алдын ала су айыру қондырғысының кенорны үшін маңызы үлкен. Кішігірім зауыт тәрізді бұл нысан 2007 жылдың 22 қыркүйегінде пайдалануға берілген-ді. Қондырғы тәулігіне 44-45 мың текше метр сұйықтықты қабылдап май мен суды айырады. Жоғарыда айтылған сұйықтықтан 7000-7200 текше метр мұнайды тазартып алады да, қалған 37-38 мың текше метр суды жер асты қабаттарына кері айдайды.

Қондырғы бастығының орынбасары Қойшыбаев Дүйсен Алдабергенұлы былай дейді:

- Қондырғының әрбір тетіктерін басқару техниканың үздік жобаларымен жабдықталған. Бұл күрделі технологиялық процестерді тез меңгеріп басқару алғашында ауысым инженерлері мен операторларға қиындау соққаны жасырын емес. Бірақ біздің жігіттер қиындықтарды өздерінің білімдері және еңбектерімен жеңе білді.

Газды сұйықтық қоспасы №1 және №2 мұнай-газ өндіру кәсіпшіліктерінен келіп, сепараторға құйылады екен. Ол қоспаның 10 пайызы ғана таза мұнай болады. Суы астыңғы, мұнайы үстіңгі қабаттағы күйде пеште қыздырылады да екінші сепараторға барады. Сол жерде тағы да су айырылады. Осы жерде айырылған таза мұнай Мұнайды кешенді дайындау және өткізу цехына жеткізіледі, ал су РВС-5000 қазанынан насоспен БКНС-ке беріліп, одан қайтадан жер асты қабаттарына айдалады.

Қондырғыда 32 адам екі вахтаға бөлініп жұмыс істейді. Олардың 4-еуі кезекші инженер, 2-еуі шебер, 1-еуі механик, қалғандары оператор-машинист. Қондырғының алғашында монтаждалып іске қосылып, нәтижелі жұмыс істеп кетуіне білікті мамандар Т.Айдынов, Т.Дауытов, Г.Хайреддинов, М.Абыланов, С.Абдулов, т.б. кезінде елеулі еңбек сіңірген. Сонымен бірге қондырғының өндірістік тиімділігінің артуына "Маңғыстауэнергомұнай" және "Мұнайтелеком" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері инженер-техник қызметкерлерінің де үлесі зор болған.

Дүйсен Жетібайда дүниеге келген, әкесі Алдаберген Ізтілеуов Жетібайды ашқан алғашқы бұрғышылардың бірі болған. Ал ауысым инженері Қалиев Парасат Маңғыстау ауданының Шебір ауылында дүниеге келген. Әкесі Қодаров Мереке де, анасы Түзелбаева Оралхан да Тұщықұдық кеңшарында шопан болып еңбек еткен. Парасат Ш.Есенов атындағы Ақтау университетінің «Мұнайгаз кенорындарын өндіру және пайдалану» факультетін бітірген соң «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының Кешенді мұнай дайындау және өткізу цехына машинист болып орналасқан еді. 2008 жылы мұнай өндіру операторы болса, 2012 жылдан осы Алдын ала су айдау қондырғысында ауысым инженері. Ал ауысым инженері қондырғының барлық технологиялық режимін қадағалайды, оған жауап береді.

Қондырғыда операторлар Манас Сисеновтың, Есбол Кенжеваковтың, слесарь Шыңғыс Абдировтың, ауысым инженері Еркін Қызыловтың, т.б. есімдері ілтифатпен аталады екен.

**Айтуар Өтегенов,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

# ТЕМІР ТҰЛПАРДЫ ТІЗГІНДЕГЕНДЕР

**Тамыз айының алғашқы күнін «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы көлік қызметкерлері күнімен тұспа-тұс келген Компаниядағы автокөлік саласының құрылғанына 50 жыл толу мерекесіне арналған салтанатты жиналыстан бастады. Темір тұлпарды тізгіндеген мұнайшылардың мерейлі мерекесіне «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директорының бірінші орынбасары Б.Иманбаев, бас директордың әлеуметтік және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары Ж.Төлеғожаев, кәсіподақ комитетінің төрағасы С.Масатов, мұнай саласының ардагер транспортшылары мен жүзден жүйрік шыққан еңбек озаттары қатысты.**



- Құрметті «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының көлік саласы маман-майталмандары, ардақты ардагерлері! Төл мерекелеріңіз құтты болсын! Бүгінгі таңда Қазақстанымыздың, біздің саламыздың көлік саласы елді әлеуметтік-экономикалық дамыту, экономиканы және өнеркәсіптік өндірісті жаңғырту бойынша алдына қойған міндеттерді іске асыруда өте маңызды рөл атқарады. Біздің кәсіпорын үздіксіз жұмысын, республиканың елді мекендерінің тіршілігін, азаматтардың іскерлік және



мәдени байланыстарын қамтамасыз ете отырып, көлік саласының қызметкерлері ел тұрғындарының әлеуметтік ахуалын жақсартуға еселі үлес қосып келеді. Сіздердің тәжірибелеріңіз бен кәсіби шеберліктеріңіз, өз істеріңізге деген адалдық күнделікті міндеттерді орындап қана қоймай, сонымен бірге қазіргі экономикалық жағдайда сала жұмысын жетілдірудің жаңа тетіктерін табуға көмектеседі. Елу жыл бұрын «Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігінің алғашқы автокөлік кеңсесі – АТК құрылған болатын. Ардақты ардагерлер, сіздердің ерен еңбектеріңіздің жемісін бүгінгі ұрпақ көріп отыр, алғысымыз шексіз сіздерге! Сіздерге және жақын туыстарыңызға мықты денсаулық, бақ-береке тілейміз! Қазақстан Республикасы мен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ гүлдендіру жолындағы еңбектеріңізде жетістіктер мол болсын! - деген жолдармен мерейлі мереке шымылдығы ашылғанда, соғылған алақан нөпірі көпке дейін толастамай қойды.

Салтанатты жиында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Б.Иманбаев мұнай компаниясындағы көлік саласының ардагерлері мен транспортшыларын құттықтап, сөз сөйледі.

- Сіздерді тамыз айының бірінші жексенбісіне белгіленген республиканың Көлік қызметкерлері күні кәсіби мерекесімен құттықтаймын және «Маңғыстаумұнайгаз» автокөлік саласының құрылғанына 50 жыл толуына арналған тойларыңыз құтты болсын! - деді Бақыт Алтайұлы. - Сонау 1964 жылдың маусым айының 15-ші жұлдызында «Мангышлакнефть» бірлестігінің №20/п бұйрығы бойынша автокөлік кеңсесі – АТК құрылған болатын. Автокөлік кеңсесінің алғашқы көлік жүргізушілері, олар – Қыйлыбай Сәрсенғали, Нысанов Абдол, Карпов Иван, Тасқымбаев Меңдеш, Сабақбаев Сембек, Мусин Алпамыш, Рыспаев Төлемағанбет, гараж бастығы Чукев Дінзақ, кейін Қощиев Әбуғали, Ғұбашев Хаким, Қилыбаев Қуаныш және тағы басқа азаматтар еді. Ол кезде автотехника, бұрғылау мұнарасы, құрал-саймандар Баутин портына келген, уақытша база Форт-Шевченко қаласындағы Чукаев Дінзақтың үлкен ауласында болатын. Ақтау қаласының (ол кезде қала Гурьев-20 деп аталған) Меловая станциясында ашылған өндірістік-техникалық базасының жанында тікенді сыммен қоршалған уақытша база-гараж, автокөлік кеңсесі болды, оның бастығы – Богомолов Г.И. 1964 жылдың күзінде Маңғышлақ станциясынан үлкен база – МУТТ ашылып, Маңғышлақ автокөлік кеңсесі сонда көшірілді (бастығы – Пенский П.З.). Жаңадан ашылған автокөлік конторасына 125 әртүрлі маркалы автотехникалар алынды. Екі жылдан кейін автокөліктер саны 326-ға жетті. Ал 25 жылдан кейін, яғни 1989 жылы әртүрлі маркалы автокөлік саны 600-ге және 165 автоприцептерге дейін өсті. Осы АТК негізінде өлкеміздің мұнай саласына қызмет көрсететін көптеген автокөлік мекемелері тараған болатын, олар: №3 Өзен автокөлік тізбегі, №1,2,3 тракторлық база, тампонаж кеңсесі гаражы, жұмысшыларды тамақпен қамту бөлімінің гаражы, байланыс кеңсесі гаражы, №2 Жетібай автотізбегі, технологиялық көлік және арнайы техника басқармасы (УТТиСТ), Маңғышлақ технологиялық көлік басқармасы (МУТТ), Өзен технологиялық көлік басқармасы (УУТТ), Жетібай технологиялық көлік басқармасы (ЖУТТ), Бозашы технологиялық көлік басқармасы (БУТТ), Құмкөл технологиялық көлік басқармасы (КУТТ), автокөлік жолдары басқармасы (УАД), «Мангистауэнергомунай» гаражы, «Арай» автопаркі, МТУ автотізбегі (қазіргі «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ көлік департаментінің автокөлік паркі).



Автокөлік саласы жұмысшыларының басты міндеті мұнайшылардың, бұрғышылардың, монтажшылардың, құрылысшылардың және тағы да басқа сала қызметкерлерінің өндірістік жүктер, тамақ өнімдері және жолаушылар тасымалдау жөніндегі сұранымын дер кезінде орындау және бұл тапсырмаларды әрдайым да абыроймен орындап отыру. Көптеген еңбек ардагерлері осындай міндеттерді орындауда жоғары мемлекеттік марапаттарға ие болды.

Міне, тарихи деректердің парақтарынан көріп отырғанымыздай, өлкеміздің «қара алтынын» игерушілердің алдыңғы қатары – мұнай өндірісі автокөлік саласының жұмысшылары. Олар түбегіміздің, республикамыздың өркен жаюы жолында қарқынды еңбек етіп келеді, қазіргі таңда да егеменді еліміздің экономикасының қарыштай дамуына өзіндік үлес қосып отырғандығын мақтанышпен айта аламыз.

Қазіргі таңда қоғамымызға арнайы техника, жұмысшылар тасымалы және жеңіл көлікпен негізгі қызмет көрсетіп отырған бас мердігер мекемеміз «Ойл Транспорт Корперейшн» ЖШС екендігі баршамызға мәлім. Аталмыш мекемеде 1200-ден аса арнайы және басқа да техникалар тіркелген. 2013 жылғы жүк тасымалдау көрсеткіші – 1 млн. 578 мың тонна, жолаушылар тасымалдау көрсеткіші – 1 млн. 859 мың 488 адам. Соңғы жылдары осы мекемеде ескі техникаларды жаңалау, соңғы үлгіде шығарылған техникаларды сатып алып, өндірісте пайдалану үрдісі жақсы жолға қойылған. Сонымен қатар өзіміздің қоғамымызға қарасты автокөлік паркі де мұнай кен орындарын игеру жолында мардымды қызмет көрсетуде, - деп «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Бақыт Иманбаев ақжарма тілегін білдірді.

Бұдан кейін компаниядағы кәсіподақ комитетінің төрағасы Санатбай Масатов, еңбек ардагері Қыйлыбай Сәрсенғали, көлік саласы қызметкерлерінің атынан Егеубай Жаңабаев және еңбек ардагері Қуаныш Қилыбаев сөз сөйлеп, мұнай саласының транспортшыларын мерейлі мерекелерімен құттықтады.

Салтанатты жиында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары Б.Иманбаев еңбек озаттарына компанияның Құрмет грамоталары мен бағалы сыйлықтарын табыс етті. Көлік қызметкерлерінің мерейтойы шалқыған күй мен әуелеген әнге ұласты.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ғимаратындағы салтанатты жиын көлік департаментінің гаражында мерекелік марапаттауға жалғасты. Мұнда мұнай компаниясы бас директорының әлеуметтік және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары Жетібай Төлеғожаев көлік саласының қызметкерлерін торқалы тойларымен құттықтап, транспорт тарландарына кәсіпорынның Құрмет грамоталары мен сыйлықтарын тапсырды.

Мұнай саласы транспортшыларының мерейтойы мен көлік қызметкерлерінің күніне арналған шаралар соңында мерекелік дастархан жайылып, еңбек ардагерлері мен транспорт қызметкерлеріне үлкен құрмет көрсетілді.

# МАМАНДЫҒЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫ

Қай мамандықтың да өзінің шынайы берілген, тапсырылған істі ынтасымен атқаратын «өз» адамы болады. Өз мамандығын соншалықты сүйіп атқаратын ондай адамды «осы мамандық үшін туған» деп қаласың. Әрине, қай салада да кездейсоқ жүрген адамдар болады. Ал мамандығын меңгерген адамның орны бөлек. Олар өз саласының тынысын терең сезініп, сол саланы алға бастыруға жұмыс істейді. Сондай мамандығына ғашық адамдардың бірі – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қарасты Жетібай кенішіндегі СТН ДКС-тің жетекші инженері Сүйін Хайролла десек қателеспейміз.

Хайролла Безмейн құрылыс техникумын 1980 жылы бітіріп, Қазақстанның Торғай облысындағы Державинск қаласының 32113 әскери бөлімінің құрылыс саласына учаске шебері (мастер) болып жұмысқа тұрады. 1981 жылдың ақпанында «Қаламқас» кенішіндегі «ВСГС» тресінің «СУ-3» құрылыс басқармасына учаске шебері болып ауысады. Аз уақытта өзінің іскерлігімен көзге түскен Хайролла 1982 жылы Жетібай кенішіндегі «Мангышлакнефть» тресінің 2-жылжымалы механикалық колоннасына прораб болып қызметке тұрды. Осы жерде жас жігіттің таланты ашылып, құрылыстың жақсы маманы ретінде жарқырай танылып еді. 1982 жылдан 2004 жылға дейін ол осы ПМК-да өндірістік-техникалық бөлім (ПТО) бастығы, директордың орынбасары, директордың бірінші орынбасары лауазымдарын абыроймен атқарды.

Қазір Хайролла Үбинияұлы жоғарыда айтылған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қарасты Жетібай кенішіндегі СТН ДКС-тің жетекші инженері. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын айғақтайтын межелердің бірі құрылыс саласы десек, осы салада еңбек етіп келе жатқан Хайролланың өлкеміздің дамуына қосқан өзіндік үлесі зор. Оның салған құрылыс нысанының, атқарған істерінің сапасы өзіндей әріптестеріне үлгі болып келеді. Үнемі ізденіп, өзін жетілдіріп отыруды мақсат тұтқан Хайрекең 1998 жылы Ақтаудағы Ш. Есенов атындағы «Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг» университетін де бітіріп алған болатын. Хайролланың қарауында жұмыс істейтін үлкен-кіші оның есімін ризашылықпен атап, өздерінің оны сыйлайтындықтарын сездіріп отырады. Бұл да азаматтың абыройының асқақтығын көрсетсе керек.

Жақсы басшы, отбасында қамқор әке ретінде белгілі Хайролланың бойынан өзгелер үлгі тұтардай өзінің орнын білер парасаттылық байқалады. Құрылысшылар мерекесінің қарсаңында осынау еңбекқор әріптесіміз туралы білгенімізді әңгімелей келе оған табысты еңбек, жақсы денсаулық, баянды бақыт тіледік. Еліміздің даму жолындағы атқарып жүрген еңбегі елеулі болып, халқымыздың мақтанышына айнала бергей!

**Б. Арыстанов**



# «Нұр Отандықтар» "Маңғыстаумұнайгазда"



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да болған «Нұр Отан» партиясының Маңғыстау облыстық филиалы ұйымдастырған жылжымалы отырыс, Компания акционерлері мен жұмысшыларын жеке өтініштерімен қабылдауынан басталды. Ниет білдіргендердің ішінде жұмысшылардан бөлек облыс тұрғындары да болды.

Жеке қабылдауға Компания тарапынан Бас директордың Әкімшілік және әлеуметтік мәселелері жөніндегі орынбасары Төлеғожаев Жетібай Қуанайұлы, Адам ресурстарын басқару департаменті директорының орынбасары Еділов Ербол Оңдағанұлы мен заңгер Шегемов Жалғас Шынқуатұлы қатысты. Кездесу барысында іс тәжірибеде жүрген жас мамандарды штатқа алу, жұмыссыздық сынды мәселелер талқыға түсті.

Жұмыссыздыққа қатысты Түпқараған ауданыннан келген Өтеев Елнар өзі мүгедектікте тұрса да, мұнай саласында еңбек еткісі келетіндігін айтты. Жалпы жас түлектерге, олар алған мамандықтар бойынша практикалық тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беретін және оларға келешекте тұрақты жұмыс орындарына орналасу үшін зор перспективаларға жол ашатын «Жастар практикасы» атты бағдарлама бар екендігін айтқан Маңғыстау облыстық еңбекпен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Нұрмамедова Қарашаш Ішбергенқызы шағымданушы арызы бойынша өзі жұмыстанатындығын айтты.

Қабылдауға келгендердің бірқатары Компания акционерлері мен мұнайшыларынан құралған «Мұнайшы ардагерлер» қоғамдық бірлестігінің мүшелері болды. Компания басшылығына ММГ акционерлері алатын дивидендтің төмендігін айтып, оны өзге мұнай компанияларының деңгейіне жеткізіп беру туралы шағымданған ардагерлерге Компания заңгері бұл мәселеге қатысты қазіргі таңда тексеру жұмыстары жүргізіліп жатқандығын, қортындысы бойынша хабардар ететіндігін ескертті. «Нұр Отан» партиясының ұсынысымен екі жақ жуық арада кездесіп, көтерілген мәселеге қатысты жауапты жақ толық мағлұмат беретін болып тарқасты.

Күн тәртібіндегі бағдарлама аясында жеке қабылдау соңы Компания басшылары мен ұйымдастырушылардың басқосқан отырысына ұласты. «Нұр Отан» партиясы МОФ төрағасының бірінші орынбасары Нұрғалиева Халила ханым азаматтарды жеке қабылдауда көтерілген мәселелері бойынша Компанияның жұмыстануын ұсынды. Әсіресе мұнайшы ардагерлермен түсіністік жұмыстарын жүйелі жүргізу туралы. Компаниядағы жасалып жатқан жұмыстар мен жетістіктер туралы баяндама жасаған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директорының Әкімшілік және әлеуметтік мәселелері жөніндегі орынбасары Төлеғожаев Жетібай Қуанайұлы жуық арада Компаниядан «Нұр Отан» партиясының өкілі сайланатындығына, бірлесіп жасалған жұмыстар бұдан былай да жалғасын табатынына сенім білдірді. Одан соң сөз алған Маңғыстау облыстық еңбекпен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқар-масы басшысының орынбасары Нұрмамедова Қ.І., облыс көлемінде



